

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға (балаларды қоса) немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілмейінше және олар бақыланбайынша пайдалануға болмайды.
- Балалардың осы құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы.
Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе сым зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек. Құрылғыны және қуат кабелін 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану

туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.

- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Құрылғы қараусыз қалатын кезде және оны құрастыру, оның бөлшектерін шешу немесе тазалау алдында оны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Қауіпті! Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен тұртпеңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратуыңыз керек.
- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз. Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны әрқашан розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



Маңызды: Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.



Күйіп қалу қаупі бар! Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған.

Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Мұндай пайдалану нұсқауларын елемей күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемейден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.



Ескеріңіз:

Осы пайдалану нұсқаулығын сақтап қойыңыз. Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе, оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық

керек-жарақтардың болуын тексеріңіз. Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

Құрылғыны орнату



Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- Аппараттың жұмыс істеу процессінде қоршаған ортаға жылу бөлінеді. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал құрылғының үстіне 25 см бос орын қалдырыңыз.
- Кофе құрылғысына кірген су оны зақымдауы мүмкін. Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін. Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- Сымды қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).



Компоненттер мен толымдаушы құралдарды ыдыс жуатын машинада жумаңыз.

Құрылғыны жалғау



Маңызды!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны барлық жерлерге сәйкес тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 болатын розеткаға қосыңыз.

Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстырыңыз.

СИПАТТАМА (3 бет.)

- A1. Сүзгісі бар кофенің “Flavor Selector” (Дәмдер тетірі) тетігі
- A2. Эспрессо кофесінің су ыдысы
- A3. Сүзгісі бар кофеге арналған су ыдысы
- A4. Су ыдысының қақағы
- A5. Сүзгісі бар кофеге арналған ұстағыш
- A6. Flavor Savor (Дәм және иіс)
- A7. Сүзгісі бар кофені қыздыруға арналған плитка
- A8. Кофеге арналған сығымдағыш
- A9. Түпқойма - тамшы науасы
- A10. Эспрессо кофесінің кесе науасы
- A11. Бу шүмегі
- A12. Капучино жасағыш
- A13. Қондырма
- A14. Эспрессо бойлерінің шығаратын арнасы
- A15. Эспрессо кофесін ажыратқыш ҚОСУ/ӨШІРУ (құрылғының артқы бөлігінде)
- A16. Капучино/ыстық суға арналған бу беру сабы

Басқару панелінің сипаттамасы

- B1. Эспрессо кофесінің режимін ауыстырып-қосқыш немесе бу таңдағыш тетік
- B2. Бу бағыты
- B3. «КҮТУ РЕЖИМІ» бағыты
- B4. Эспрессо кофесін қосу индикаторы
- B5. Эспрессо кофесінің / ыстық судың үлесі
- B6. ОК температура шамы
- B7. Сүзгісі бар кофені ҚОСУ/СӨНД. батырмасы
- B8. Сүзгісі бар кофені ажыратқыш ҚОСУ/ӨШІРУ шамы
- B9. Дисплей
- B10. Кідіріспен қосу батырмасы (AUTO)
- B11. Минутті орнату батырмасы (min)
- B12. Сағатты орнату батырмасы (h)
- B13. 1-5 шыныаяқтар тәртібін таңдау батырмасы

Керек-жарақтар сипаттамасы

- C1. Эспрессо кофесінің сүзгісін ұстағыш
- C2. 1 кесе немесе 1 чалда эспрессо кофе сүзгісі
- C3. 2 кесе эспрессо кофе сүзгісі
- C4. Кофеге арналған мөлшерлегіш
- C5. Перманенттік сүзгі (*тек кейбір үлгілерде ғана)
- C6. Сүзгісі бар кофеге арналған құмыра

СҮЗГІСІ БАР КОФЕНІ ДАЙЫНДАУ

i Ескеріңіз:

Бірінші пайдалану алдында құралдың барлық толымдаушылары мен ішкі контурларын 2 ыдыс суды босатып, кофе қайнатқышты үгітілген кофені салмастан кофе дайындау процедурасы арқылы жуу ұсынылады. Жуғаннан кейін эспероссо кофесін дайындауға кірісуге болады.

Уақытты қалай орнатуға болады

Аспапты электр желісінен сөндіргеннен кейін дисплейде 00:00 жыпылықтаған сандары пайда болады.

Уақытты орнату үшін төмендегі нұсқаулықты орындаңыз:

1. Дисплейде сағатты орнату үшін "h" (B12) батырмасын шамамен 2 секунд басыңыз (1-сур.);
2. Сағатты орнатқаннан кейін "min2" (B11) батырмасын көп рет басу арқылы минуттерді орнатыңыз (рис. 2) (батырманы ұстап тұрған кезде минуттер жылдамырақ ұлғаяды);
3. Дисплейде дәл уақыт бейнеленген кезде бірнеше секунд күтіңіз: дисплей жыпылықтауды тоқтатқан кезде - уақыт орнатылады.

i Ескеріңіз:

Уақытты қайтадан өзгерту үшін жоғарыда белгіленген рәсімді қайталаңыз.

Сүзгісі бар кофені дайындау

- Қақпағын ашыңыз да, оң жағында орналасқан су ыдысын суырып алыңыз (3-сурет);
- MAX 10 белгісінен арттырмай, дайындалатын тостағанның қажетті деңгейіне дейін су ыдысын балғын және таза сумен толтырыңыз (4-сурет);
- Ыдыстың түбінде орналасқан клапан ашылатындай етіп, ыдысты сәл басып қайта орнына қойыңыз. Сонымен қатар ыдысты өз орнына қоюға болады, ал оны толтыру үшін деңгей көрсеткіштері бар кофеге арналған құмыраны пайдалануға болады (5-сурет);
- Сүзгінің ұстағышын оңға бұрып есігін ашыңыз (6-сурет);

- Сүзгі ұстағышқа перманенттік сүзгіні (егер қарастырылған болса) (немесе сүзгі қағазды) орнатыңыз (7-сурет);
- Мөлшерлегіштің көмегімен ұнтақ кофені сүзгіге жүктеңіз де, оны біркелкі етіп тегістеніз (8-сурет).

Әдетте әрбір тостағанға беркелкі мөлшерлегіште (7-гр. жуық) себіледі (мысалы 10 тостағанды дайындау үшін 10 мөлшерлегіш);

- Сүзгі ұстағыштың есігін жабыңыз да, қақпағы жабылған құмыраны қыздырғыш плитқаға қойыңыз;
- "Сүзгісі бар кофенің ИІСІН ТАҢДАУ" бөлімінде белгіленгендей етіп қалаған иісті таңдаңыз;
- (B7) батырмасын басыңыз① (9-сур.). Сөндіргіштегі индикатор (B8) машина жұмыс күйінде екенін білдіреді;
- 6 шыныаяқтан кем әзірлеген кезде хош иісін жақсарту үшін «1-5» (B13) батырмасын басыңыз (10-сур.);
- Кофе бірнеше секундтан кейін құйыла бастайды;

Кофенің дайындалу уақытында будың шығуы қалыпты болып табылады.

- Машинаны сөндіру үшін ① (B7) батырмасын басыңыз.

Сүзгісі бар кофенің иісін таңдау

Flavor Selector (Дәм тетігі) көмегімен сүзгісі бар кофенің иісін қалауыңыз бойынша таңдауға болады. Сүзгісі бар кофенің иісін реттегіштің тұтқасын айналдыра отырып (11-сурет), қою (STRONG күйі) немесе әлсіз дәмді (LIGHT күйі) алу үшін машинаны дайындауға болады. Flavor Selector (Дәмдер режимі) жүйесі дәмінің өзі өзгермеген кезде, кофенің дәмін күшейтіп немесе әлсіретіп өзгертеді.

Сусынды ыстық күйде ұстау уақыты (сөндіру таймері)

Дайындағаннан кейін кофе ыстық күйінде қалу үшін құмыраны қыздырғыш плитаға қойыңыз да, машинаны қосулы күйде қалтырыңыз (сүзгісі бар кофе шамы қосулы): құмырадағы кофенің оңтайлы температурасы ұсталатын болады. Егер құрылғы белгілі уақыт ішінде пайдаланылмаса (үлгісіне байланысты), ол

автоматты түрде сөнеді (қуат индикаторы өшеді).

Сөндіру таймерін келесі тәртіпте орнатуға болады:

1. Дисплееде ① «0:30» жыпылықтайтын сандары бейнеленбегенше (B7) батырмасын бірнеше секунд басыңыз;
2. "h" батырмасын (және қажет болған кезде «m» батырмасын) көп рет басу арқылы уақытты өзгертіңіз;
3. Уақытты орнатқаннан кейін 5 секунд күте тұрыңыз: дисплей жыпылықтауды тоқтатқан кезде қажет уақытта орнатылады.



Ескеріңіз:

Егер уақытты 0:00 етіп орнатса, онда машина кофені шектелмеген уақыт ішінде жылытатын болады.

Автоматты қосуды бағдарламалау

Сүзгісі бар кофені автоматты әзірлеу уақытын орнатуға болады.

Күннің уақыты дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Кофені автоматты әзірлеу уақытын орнату үшін төменде келтірілген нұсқаулықтарды орындаңыз:

1. Дисплееде «0:00» жыпылықтаған сандары бейнеленбегенше «AUTO» (B10) батырмасын бірнеше секунд басыңыз;
2. Дисплей жыпылықтауды тоқтатпас бұрын (шамамен 5 секунд), «h» (B12) батырмасын көп рет басу арқылы қажет уақытты орнатыңыз;
3. «m» (B11) батырмасын көп рет басу арқылы минуттерді орнатыңыз;
4. 5 секундтен кейін дисплей жыпылықтауын тоқтатады және белгіленген уақыт сақталатын болады;
5. Автоматты сөндіру уақытын орнатқаннан кейін оны белсендіру үшін AUTO батырмасын басыңыз.



Ескеріңіз:

- Автоматты сөндіру уақытын қайтадан өзгерту үшін жоғарыда сипатталған рәсімді қайталаңыз.
- Автоматты сөндіру «DRIP COFFEE» бөлу үшін ғана орнатылады, «ESPRESSO»

бөлу үшін автоматты сөндіру уақыты орнатылмайды.

ЭСПРЕССО КОФЕСІН ДАЙЫНДАУ



Ескеріңіз:

Бірінші пайдалану алдында құралдың барлық толымдаушылары мен ішкі контурларын 2 ыдыс суды босатып, кофе қайнатқышты үгітілген кофені салмастан кофе дайындау процедурасы арқылы жуу ұсынылады. Жуғаннан кейін эспероссо кофесін дайындауға кірісуге болады.

Авто өшіру

Егер құрылғы белгілі бір уақыт аралығында пайдаланылмаған болса (үлгіге қарай әр түрлі болады), ол автоматты түрде ажырайды (қуат шамы сөнеді).

Кофе блогын алдын ала қыздыру

Эспрессо кофесін тиісті температурада жасау үшін, кофе жасағышты былай алдын ала қыздыру керек:

1. Ажыратқыштың ҚОСУ/ӨШІРУ батырмасын басып, машинаны қосыңыз (12-сурет). Эспрессо кофесін қосу индикаторы жанады (B4).
2. Сүзгіні ұстағышқа қойыңыз (13-сурет). Орталық бөлігі арнайы ұяшыққа жақсы орнатылғандығына көз жеткізіңіз. Сүзгісі бар ұстағышты оған үгітілген кофені жүктеместен кофе қайнатқышқа қойыңыз (14-сурет). 1 кофе жасау үшін шағын сүзгіні, ал 2 кофе жасау үшін үлкен сүзгіні пайдаланыңыз.
3. Сүзгі ұстағыштың астына бір кесе қойыңыз. Сол кесені кейінірек алдын ала қыздыру үшін кофе дайындау мақсатында пайдаланыңыз.
4. Индикатордың өшкенін тосыңыз OK, одан кейін бірден сабын күйге бұраңыз ☐/☒ (15-сурет), индикатор өшкенге дейін суды төгіңіз, содан кейін ажыратып-қосқышты  күйіне ауыстырып, беруді тоқтатыңыз да, тостағанды босатыңыз.

(Сүзгі ұстатқышын алу барысында шағын және зиянсыз будың бұрқырауы – қалыпты нәрсе).

Ұнтақ кофеден эспрессо кофесін жасау

1. Алдыңғы бөлімде сипатталғандай етіп, машина мен фильтр ұстағышты алдын ала қыздырғаннан кейін, бір кофе жасау үшін шағын сүзгіні немесе 2 кофе жасау үшін үлкен сүзгіні пайдаланыңыз.
2. Тек бір кофе жасау үшін, ұнтақ кофенің бір деңгейлік мөлшерін (шамамен 7 г) сүзгіге салыңыз (16-сурет). Екі кофе дайындау үшін, ұнтақ кофенің екі өлшеуішке барынша толтырылған мөлшерін (шамамен 6+6 г) сүзгіге салыңыз. Ұнтақ кофенің шамадан асып кетпеуіне жол бермес үшін, сүзгіні қатты толтырып жібермеңіз.



Маңызды:

Дұрыс пайдалану үшін, ұнтақ кофемен толтырмас үшін, соңғы рет кофе жасаған кезден қалған кофе қалдықтарының жоқтығына көз жеткізіңіз.

3. Ұнтақ кофені бір деңгейде жайып, тығыздағышпен жайлап басыңыз (17-сурет).

Жақсы эспрессо алу үшін ұнтақ кофені дұрыс басу маңызды болып табылады. Егер шамадан тыс бассаңыз, кофе жай құйылатын болады және көпіршік қара болады. Егер жеткіліксіз бассаңыз, кофе тым тез құйылатын болады және көпіршік жеткіліксіз және ашық түсті болады.

4. Кофенің артығын фильтр ұстағыштың ернеуінен алып тастаңыз да, оны машинаға бекітіңіз: судың ағуының алдын алу үшін сабын күшпен оңға бұраңыз (14-сурет).
5. Кесені немесе кеселерді сүзгі ұстатқыш шүмектерінің қойыңыз. Кофе жасамас бұрын кеселерге аз ғана сумен шаю арқылы оларды жылытып алу ұсынылады.
6. Индикатордың ОК жанып тұрғанын тексеріңіз (егер өссе, ол жанғанша күтіңіз) және текікті  бағытына бұраңыз (15-сурет). Кофенің қажетті мөлшерін алғаннан кейін, беруді аяқтау үшін ажыратып-қосқышты  күйіне бұрыңыз.
7. Сүзгі ұстағышты алып тастау үшін, сапты оңнан солға қарай бұраңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Шашыраудың алдын алу үшін, сүзгі ұстағышты құрылғы кофе құйып жатқан кезде ешқашан шығармаңыз.

8. Пайдаланылған кофені алып тастау үшін, сүзгіні сапқа бекітілген ілмекпен орнына бұғаттап, кофені сүзгі ұстағышты төңкеру және қаттырақ сілкі арқылы алып тастаңыз (18-сурет).
9. Құралды өшіру үшін машинаның артқы жағындағы  батырмасын басыңыз.

Чалда пайдалану арқылы эспрессо дайындау

1. Сүзгінің ұстағышын орнатып, "КОФЕ БЛОГЫН АЛДЫН АЛА ҚЫЗДЫРУ" бөлімінде көрсетілгендей етіп құралды қыздырыңыз. Così facendo si ottiene il caffè più caldo.



Ескеріңіз:

ESE стандарттарына сай келетін чалданы пайдаланыңыз: осындай чалдының қаптамаларында осы стандартты білдіретін келесі тауар белгісі бар.



ESE стандарты – ең ірі чалда өндірушілері тарапынан қабылданған жүйе болып табылады және эспрессоны оңай және тез арада дайындауға мүмкіндік береді.

2. Ұстағышқа кіші сүзгіні орнатыңыз да, орталық бөлігі 13-суретте көрсетілгендей арнайы ұяшыққа жақсы қойылғандығына көз жеткізіңіз.
3. Жастықшаны сүзгінің ортасына туралап салыңыз (19-сурет). Жастықшаны сүзгіге дұрыс бағыттау үшін жастықша бумасындағы нұсқаларды әрқашан орындаңыз.
4. Сүзгі ұстатқышты құрылғыға бекітіңіз. Оны орнына түскенше бұраңыз (14-сурет).
5. Алдыңғы бөлімдегі 5, 6 және 7-қадамдардағыдай жалғастырыңыз.

КАПУЧИНО КОФЕСІН ДАЙЫНДАУ

1. Эспрессо кофесін алдыңғы бөлімдерде сипатталғандай етіп жеткілікті үлкен кеселерді пайдалану арқылы дайындаңыз.

2. Ажыратып-қосқыштың сабын  күйіне бұрыңыз (20-сурет).
3. Сол кезде ыдысты дайындалатын әрбір капучино үшін шамамен 100 грамм сүтпен толтырыңыз. Ыдысты таңдаған кезде сүттің көлемі 2 немесе 3 есе көбейетінін ескеріңіз.



Ескеріңіз:

Тоңазытқыш температурасындағы (5° С-қа жуық) майы алынған немесе жартылай майы алынған сүтті пайдалану ұсынылады).

4. Сүт құйылған ыдысты капучино жасағыштың астына қойыңыз.
5. ОК шамы жанғанша күтіңіз. Қосулы индикатор бойлердің бу шығаратындай қолайлы температураға жеткенін көрсетеді.
6. Капучинаторды солға бұрап суырыңыз (21-сурет): суыру уақытында бойлердің шығыс арнасына жанаспаңыз, олар қатты қызады. Сосын сүті бар ыдысты капучинатордың астына қойыңыз.
7. Капучинатордың сүтке бірнеше миллиметрге жүктеңіз. Бұды ауыстырып-қосқышты сағат тіліне қарсы бұрыңыз (22-сур.): капучинатордан бу шығады, ол сүтті көбікке айналдырады және оның көлемін ұлғайтады. Көбік қоюырақ болу үшін капучинаторды сүтке жүктеңіз де, ыдысты ақырындап төменнен жоғарыға жылжытыңыз.
8. Сүттің мөлшері екі еселенген кезде, капучино жасағышты тереңірек батырып, сүтті қыздыруды жалғастырыңыз. Көбіктің қажетті температурасы (қажетті деңгейі: 60°С) мен керекті қоюлығына жеткен бойда бұдың сабын сағат тіліне қарсы бұрыңыз да, ауыстырып-қосқышты  күйіне ауыстырыңыз.
9. Көпіршігін сүтті бұған дейін дайындалған кофе құйылған кеселерге құйыңыз. Капучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.



Ескеріңіз:

- Бірден астам капучино дайындау үшін, алдымен барлық кофелерді жасап алып,

соңында көпіршітілген сүтті барлық капучинолар үшін дайындаңыз.

- Егер сүт көбіктенгеннен кейін бірден кофе дайындау қажет болса, алдымен бойлерді салқындатқан жөн, кері жағдайда кофе шамадан тыс күйіп кетеді. Бойлерді салқындату үшін контейнерді бойлердің шығу арнайына қойыңыз; ауыстырып-қосқыштың сабын  күйіне бұрыңыз (15-сурет); индикаторы өшкенге дейін суды жіберіңіз; ауыстырып-қосқыштың сабын тағы да  күйіне ауытырыңыз да, алдыңғы бөлімдерде көрсетілгендей етіп кофе дайындаңыз.

Буды ең көбі 60 секунд құйып, артынша сүтті 3 реттен артық көпіршітпеу ұсынылады.



Маңызды:

Гигиеналық себептерге байланысты, капучино жасағышты пайдаланып болған соң әрқашан тазалап отыру керек.

Мына әрекетті орындаңыз:

1. Аз ғана буды бірнеше секунд шығару үшін бу тетігін бұраңыз (алдыңғы бөлімнің 2 және 5-қадамдары) (22-сурет). Бұл капучино жасағыштың іште қалған сүт қалдығын шығаруға себеп болады. Құрылғыны өшіру үшін, ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
2. Бір қолыңызбен капучинатордың түтігін ұстаңыз, ал екінші қолыңызбен капучинатордың өзін сағат тіліне қарсы бұрыңыз, сосын оны төмен қарай тартып, суырыңыз (23-сурет).
3. Беру құбырынан төмен қарай тартып бу форсункасын шешіңіз.
4. Капучинатор мен бу форсункасын жылы сумен мұқият жуыңыз.
5. 24-суретте нұсқауырлармен көрсетілген капучинатордағы екі тесіктің ластанбағандығына көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда оны түйреуіштің көмегімен тазалаңыз.
6. Бұдың құбырына жоғары бағытталған белгілі күшті қолдану арқылы оның қойыңыз (25-сурет).

- Капучинаторды жоғары бағытта салып және сағат тілі бағытында бұрап, орнына қойыңыз (26-сурет).

ЫСТЫҚ СУ АЛУ

- Ажыратқыштың ҚОСУ/ӨШІРУ батырмасын басып, машинаны қосыңыз (12-сурет). Эспрессо кофесін қосу индикаторы жанады (B4).
- ОК шамы жанғанша күтіңіз.
- Капучино жасағыштың астына ыдыс қойыңыз.
- ОК индикаторы жанған кезде, ауыстырып-қосқыштың сабын ☐/☒ күйіне қойыңыз (15-сурет) және біруақытта будың сабын сағат тіліне қарсы бағытта, кем дегенде жарты айналымға бұраңыз (22-сурет); капучинатордан ыстық су ағады.
- Ыстық судың берілуін тоқтату үшін бу берудің сабын сағат тіліне қарсы бұраңыз, сосын ауыстырып-қосқыштың сабын ~~☐~~ күйіне ауыстырыңыз).

Ыстық суды 60 секундтан артық құйып тұрмаңыз.

ТАЗАЛАУ



Қауіпті!


- Тазалау барысында, кофе жасағышты ешқашан суға батырмаңыз. Бұл – электрлік құрылғы.
- Құрылғының сыртын тазаламас бұрын, оны өшіріп, розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.

Flavor savor-ды (Дәм және иіс) тазалаңыз Flavor Savor (Дәм және иіс) тазалуды орындау процессін жеңілдету үшін, оны жоғары тартып, сүзгі ұстағышынан (A6) суырға болады (27-сурет). Оны қайта ұяшығына қою үшін, Flavor Savor (Дәм және иіс) арнайы бағыттаушылар бойынша төмен қарай бағытта қою жеткілікті.

Эспрессо кофенің сүзгілерін тазалау және техникалық қызмет көрсету
Әрбір 300 кофені дайындағаннан кейін, сонымен қатар кофе ұстағыштан тамшылармен шыққанда немесе мүлдем

шықпаған уақытта үгітілген кофенің сүзгілері мен олардың ұстағыштарын келес түрде тазалаңыз:

- Ұстағыштан сүзгіні алыңыз.
- Тығынның өзіндегі нұсқауыр-көрсеткіштің бағыты бойынша сүзгінің тығынын бұрап алыңыз (28-сурет).
- Контейнерден көбік алу үшін оның тығынын жанына озғай отырып, құрылғын суырыңыз.
- Резікке төсемін шешіңіз.
- Барлық толымдаушыларын мұқият жуыңыз да, металл сүзгіні ыстық сумен ысқыш көмегімен тазалаңыз (29-сурет). Металл сүзгінің тесіктері ластанбағанына көз жеткізіңіз, кері жағдайда оларды иненің көмегімен тазалаңыз (30-суретті қараңыз).
- Сүзгі мен төсемді 31-суретте көрсетілгендей етіп пластмасса дискіге орнатыңыз. Пластмасса дискінің шығыңқы бөлігі төсем тесігінің ішіне қойылауын бақылаңыз. Тесік 31-бетте нұсқауымен белгіленген.
- Шығыңқы бөлігі ұстағышқа қойылғанына көз жеткізіп (32-суреттегі нұсқауырда қараңыз), барлығын сүзгінің болаттан жасалған контейнеріне қойыңыз (32-сурет).




- Тығынды бұраңыз (33-сурет).
Ж о ғ а р ы д а сипатталғандай етіп тазаламау кепілдік күшін жояды.

Қайнатқыш бөлік шүмегін тазалау
Әрбір 300 кофе жасау кезеңінен кейін, қайнатқыш бөлігінің тесігін былай тазалап отыру керек:

- Құрылғының ыстық еместігіне және оның розеткадан ажыратылғанына көз жеткізіңіз;

- Бұрауышты пайдалану арқылы эспрессо қайнату бөлігі тесігін бұрап алыңыз (34-сурет);



- Қайнатқыш бөлік шүмегін шешіп алыңыз;
- Қайнатқыш бөлікті дымқыл шүберекпен тазалаңыз (34-сурет);
- Шығыс тесікті щеткамен ыстық суда мұқият тазалаңыз. Тесіктердің бітелмегеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз (30-сурет).
- Ағын су астында шайып, барлық уақытта щеткалау керек.
- Қайнатқыш бөлік шүмегін ауыстырыңыз, оның тығыздағышқа дұрыс бағытталғанына көз жеткізіңіз.

Жоғарыда сипатталғандай етіп тазаламау кепілдік күшін жояды.

Басқа тазалау операциялары

1. Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштер мен ысқыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз. Тек жұмсақ дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.
2. Сүзгі ұстағышты, сүзгілерді, тамшы науасын және су ыдысын тұрақты түрде тазалаңыз.
Тамшы науасын босату үшін, кесе науасы торын алып, суды төгіңіз де, науаны шүберекпен тазалап алыңыз: одан кейін тамшы науасын орнына салыңыз.
Су ыдысын түбіне дейін тазалау үшін, жұмсақ щетканы пайдаланыңыз.



Қауіпті!

Тазалау барысында, кофе жасағышты ешқашан суға батырмаңыз. Бұл – электрлік құрылғы.

ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Эспрессо кофе блогын таттан тазалау

Біз кофе жасағыштың қағын шамамен 200 кофе жасалған сайын тазалауды ұсынамыз. Біз дүкеннен сатып алуға болатын De'Longhi қақ тазалағышын пайдалануды ұсынамыз.

Мына әрекетті орындаңыз:

1. Ыдысты орамдағы көрсеткіштерге қарап сумен еріту арқылы алынған қақ тазалау ерітіндісімен толтырыңыз.
2. Ажыратқыштың ҚОСУ/ӨШІРУ батырмасын басып, машинаны қосыңыз (12-сурет). (B4) қуат шамы жанады.
3. Сүзгінің ұстағышы орнатылмағандығына көз жеткізіңіз, бойлердің шығаратын арнасының астына резервуар орнатыңыз да, ОК индикаторының қосылуын күтіңіз.
4. Ауыстырып қосқыштың сабын ☐/☒ күйіне ауыстырыңыз да, ыдыстағы ерітіндінің шамамен 1/4 төгіңіз: уақыт өткен сайын буды беру сабын бұрыңыз да, капучинатордың түтігі арқылы аздап ерітіндіні шығарыңыз; сосын ауыстырып қосқыштың тұтқасын ☒/☒ күйіне ауыстырып, ерітіндінің тазалауды орындауына мүмкіндік беру үшін шамамен 5 минутқа қалтырыңыз.
5. Ыдыс толық босағанға дейін 4-тармақты 3 рет қайталаңыз.
6. Татқа арналған құралдың қалдықтарын тазалау үшін ыдысты мұқият жуыңыз да, оған таза судан құйыңыз (татқа арналған құралсыз).
7. Ауыстырып-қосқыштың тұтқасын ☐/☒ күйіне ауыстырыңыз (15-сурет) да, беруді ыдыс толық босағанға дейін қосыңыз;
8. 6 және 7 операцияларды тағы да қайталаңыз.

Жоғарыда сипатталған қақ тазалау әрекеті өз уақытында орындалмаған болса, қақпен байланысты ақаулықтардың себебінен құрылғыны жөндеу жағдайлары кепілдікке кірмейді.

Кофе сүзгісінің блогын таттан тазалау

Судың құрамындағы кальций біраз уақыттан кейін құралдың жұмыс күйіне кері әсер ететін

ластануға әкеледі. «Сүзгісі бар кофені қосу/сөндіру» (B8) индикаторы жыпылықтап тұрған кезде машинаны қаспақтан тазартыңыз. Біз дүкеннен сатып алуға болатын De'Longhi қақ тазалағышын пайдалануды ұсынамыз.

1. Татты жоюға арналған құралдың қаптамасында көрсетілген нұсқаулар бойынша құмыраға құралды құйыңыз;
2. Татты жоюға арналған құралдың ерітіндісін ыдысқа құйыңыз;
3. Құмыраны қыздырғыш плитаға орнатыңыз;
4. Ажыратқышты басыңыз ① (B7), тостағанмен бірдей сұйықтық мөлшерін құйыңыз да, құралды өшіріңіз;
5. Құралды тазалауды жүргізу үшін 15 минутқа қалтырыңыз. 4 және 5 операцияларды тағы да қайталаңыз.
6. Машинаны қосыңыз да, ыдыс толық босағанға дейін беруді ашыңыз.
7. Тек сумен ғана дайындауды қосып кемінде 3 рет машинаны жуыңыз (3 толы ыдыс су).

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз
 Үлгі: “
 Кернеу: “
 Жиілік: “
 Қуаты: “

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
 via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
 Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
 Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауапкершілікті және импортер:

“Делонги” ЖШҚ
 127055 Ресей, Мәскеу қ.,
 Сущёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
 Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖООУ

Кейбір ықтимал ақаулардың тізімі төменде келтіріледі.

Ақау, сипатталған тәсілдермен кетіріле алмаса, онда Техникалық Қолдау Қызметімен хабарласу керек.

МӘСЕЛЕ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕР	АҚАУЛАРДЫ ЖООУ
Эспрессо кофесі құйылмайды	Ыдыста су жоқ	Ыдысты сумен толтырыңыз
	Сүзгі ұстағыштағы тесіктер бітелген	Сүзгі ұстағыш шүмегіндегі тесіктерді тазалаңыз
	Эспрессо бойлерінің арнасы ластанған	"Қайнатқыш бөлік шүмегін тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Су айналымында қақ қалыптасқан	"Эспрессо" бөлімінде көрсетілгендей қақтан тазалаңыз
	Ыдыс орнына дұрыс салынбаған және оның негізіндегі клапан ашық емес	Астыңғы клапанды ашу үшін ыдысты жайлап басып салыңыз

Эспрессо кофесі тесіктердің орнына сүзгі ұстатқыштың жиектерінен тамшылайды	Сүзгі ұстатқыш дұрыс салынбаған	Сүзгі ұстатқышты дұрыс бекітіңіз және жеткен жеріне дейін мықтап бұраңыз
	Эспрессо қайнатқыш бөлігінің толтырмасының созылмалы қасиеті жоғалған	Эспрессо қайнату бөлігінің тығыздағышын тұтынушыларға қызмет көрсету орнына ауыстыртыңыз
	Сүзгі ұстағыштағы шүмектерінің тесіктері бітелген	Шүмектердің тесіктерін тазалаңыз.
Сорғы өте шулы	Су ыдысы бос	Су ыдысын толтырыңыз
	Ыдыс орнына дұрыс салынбаған және оның негізіндегі клапан ашық емес	Астыңғы клапанды ашу үшін ыдысты жайлап басып салыңыз
Эспрессо кофесі салқын	Кофе беруді ажыратқышты басқан сәтте эспрессоның ОК индикаторы жанбайды	ОК шамы жанғанша күтіңіз
	Алдын ала қыздыру орындалмаған	Бөлімде көрсетілгендей алдын ала қыздыруды орындаңыз
	Кеселер алдын ала қыздырылмаған	Кеселерді ыстық сумен алдын ала қыздырыңыз
	Су айналымында қақ қалыптасқан	"Эспрессо" бөлімінде көрсетілгендей қақтан тазалаңыз
Кофе кілегейі ашық түсті (шүмектен тез ағады)	Ұнтақ кофе сәл тығыздалған	Ұнтақ кофенің тығыздалуын арттыру (17-сүрет)
	Ұнтақ кофе жеткіліксіз	Ұнтақ кофе мөлшерін көбейтіңіз
	Кофе тым ірі болып тартылған	Тек эспрессо кофесін жасау құрылғыларына арналған ұнтақ кофе пайдаланыңыз
	Ұнтақ кофенің дұрыс емес түрі пайдаланылып жатыр	Басқа ұнтақ кофе түрін пайдаланыңыз

Кофе кілегейі тым қоңыр (ол шүмектен тым жай ағады)	Ұнтақ кофе өте қатты тығыздалған	Кофені азырақ тығыздаңыз (13-сурет)
	Ұнтақ кофенің артық мөлшері	Ұнтақ кофе мөлшерін азайтыңыз
	Эспрессо қайнатқыш тесігі бітелген	"Эспрессо бойлерінің шығаратын арнасын тазалау" бөлімінде сипатталғандай тазалау жүргізу.
	Сүзгі бітеліп қалған	"Сүзгіні тазалау" бөлімінде көрсетілгендей тазалауды жүргізу
	Ұнтақ кофе тым майда немесе ылғалды	Эспрессо кофемашиналары үшін тек ұнтақ, аса ылғалды емес кофені пайдаланыңыз
	Ұнтақ кофенің дұрыс емес түрі пайдаланылып жатыр	Басқа ұнтақ кофе түрін пайдаланыңыз
Сүзгі ұстағыш құрылғыға салынбайды	Тым көп кофе себілген	Дайындаудың қажетті түрі үшін мөлшерлегіш пен дұрыс сүзгіні қолданыңыз
Капучино жасау кезінде сүт көпіршігі жасалмайды	Сүт онша салқын емес	Ж а р т ы л а й майсыздандырылған сүтті әрқашан тоңазытқыш т е м п е р а т у р а с ы н д а пайдаланыңыз
	Капучино жасағыш кірлеген	Капучинатордың тесіктерін мұқият тазалаңыз, ең алдымен 24-суретте көрсетілгендерді
Кофенің дәмі қышқыл	Қақ тазалаудан соң дұрыс шайылмаған	"Сүзгі блогының татын жою" немесе "Эспрессо блогының татын жою" бөлімінде сипатталғандай құралды тазалауды іске асырыңыз
Кофені беру уақыты артты	Сүзгісі бар кофе қайнатқыштың контурынан татты жоюды орындау қажет	"Сүзгісі бар кофе блогынан татты жою" бөлімінде сипатталғандай тазалауды орындаңыз